

## Тікелей аралас тасымалдар туралы ережені бекіту туралы

### *Күші жойғал*

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 26 қаңтардағы N 52-І Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 3464. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 қарашадағы № 1104 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 26.11.2015 № 1104 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру және тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру тәртібін белгілеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тікелей аралас тасымалдар туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Транзиттік саясат және сыртқы байланыстар департаменті (Жұматаев Р.Н.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Т.Б.Әбілғазинге жүктелсін.
4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
К ө л і к                      ж әне                      к о м м у н и к а ц и я  
м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 5                      ж ы л ғ ы                      2 6                      қ а ң т а р д а ғ ы  
N                      5 2 - I                      б ұ й р ы ғ ы м е н  
бекітілген

## Тікелей аралас тасымалдар туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы Тікелей аралас тасымалдар туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) " Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңына сәйкес әзірленді, тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру тәртібін белгілейді және тікелей аралас тасымалдарды жүзеге асыру кезінде тікелей аралас тасымалдары операторы мен жүк жөнелтушілердің,

жүк алушылардың, және өзге де тұлғалардың арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

2. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жүк - жануарларды қоса алғанда, тасымалға қабылданған мүлік, жүк жөнелтуші ұсынатын, көлік жабдығы (контейнерлер, тұғырықтар және орамамен немесе тасымалдаумен байланысты басқа да заттар);

2) тікелей аралас тасымалдар шарты - тікелей аралас тасымалдары операторының жүк жөнелтушімен (жүк алушымен) жасасқан шарты, оның негізінде оператор жүктің тікелей аралас тасымалдарын ақыға жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді;

3) тікелей аралас тасымалдар құжаты - тікелей аралас тасымалдар шартын куәландыратын құжат (коносамент, көлік жүк қағазы және басқалар), оператордың жүкті өз иелігіне қабылдауы, сондай-ақ оның осы шарттың талаптарына сәйкес жүкті жеткізу міндеттемесі;

4) тікелей аралас тасымалдар операторы (бұдан әрі - оператор) - өз атынан тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыруды жүзеге асыратын тұлға;

5) жүк жөнелтуші - оператормен тікелей аралас тасымалдар шартын жасаған тұлға;

6) жүк алушы - жүкті алуға уәкілетті тұлға;

7) тасымалдаушы - тікелей аралас тасымалдары операторымен шарт негізінде меншікті немесе өзге де заңды негізде пайдаланылатын көлік құралымен жүк жеткізуді жүзеге асыратын тұлға;

8) жүкті ауыстырып тиеу - жүктің бір көлік құралынан басқасына немесе қойма арқылы ауысуымен байланысты тиеу-түсіру операциялары;

9) тікелей аралас тасымалдар - тасымалдауға қатысушылардың санына байланыссыз, бүкіл тасымалдарға бірыңғай тасымалдау құжатын ресімдеу арқылы оператор ұйымдастырған екі және одан көп көлік түрлерімен жүзеге асырылатын жүк тасымалы;

10) аралас тасымалдар пункті - жүкті қабылдау, ауыстыру, тиеу және беру жүзеге асырылатын станция, порт, әуежай, жүк терминалы және өзге де пункттер.

3. Осы Ережеде қолданылатын өзге де ұғымдар көлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мағыналарда қолданылады.

## **2. Тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру**

4. Тікелей аралас тасымалдау шарты бойынша оператор, көліктің әр түрлерін пайдалана отырып тікелей аралас тасымалдар құжаты бойынша жеткізу пунктіне

жүкті жеткізуді ұйымдастыруға және жүк алушыға беруге міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші тасымалдар үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

5. Оператор жүкті өз иелігіне қабылдаған кезде, жүк жөнелтушіге тікелей аралас тасымалдау құжатын беруі тиіс.

6. Жүк жөнелтуші операторға жүктің қасиеттері мен оның тасымалдау шарттары туралы құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ тікелей аралас тасымалдың құжатын жасау және тасымалды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де ақпаратты ұсынады.

7. Тікелей аралас тасымалдау құжатына оператор немесе оның өкілі қол қояды.

8. Оператор немесе оның атынан іс-әрекет жасайтын тұлға жүкті тікелей аралас тасымалдау құжатында белгіленген жүк алушыға немесе жазбаша нысанда ол туралы уақтылы хабарланған адамға береді.

9. Тікелей аралас тасымалдау құжатында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) жүктің жалпы сипаттамасы, жүкті сәйкестендіру үшін қажетті негізгі маркалары, тиісті жағдайларда жүктің қауіпті сипатын көрсету, орындардың немесе заттардың саны және жүктің брутто салмағы немесе басқаша түрде белгіленген оның саны, сондай-ақ бұл мәліметтердің барлығы жүк жөнелтуші ұсынған түрде көрсетіледі;

2) жүктің сыртқы жай-күйі;

3) оператордың атауы және тұрған жері;

4) жүк жөнелтушінің атауы;

5) жүк алушының атауы;

б) оператордың немесе оның уәкілетті тұлғасының өз қарамағына қабылдаған орны мен күні;

7) тағайындалған пункті (жүкті жеткізу орны);

8) егер оларды тараптар тікелей келіскен болса, тағайындалған жерге жүкті жеткізудің күні мен мерзімі;

9) тікелей аралас тасымалдау құжатының берілу орны мен күні;

10) оператордың немесе оның уәкілетті тұлғаның қолы;

11) көліктің әр түріне кірепұл, егер оларды тараптар тікелей келіскен болса, немесе жүк алушы төлеуі тиіс валюта атауын қоса алғандағы кірепұл, немесе оның кірепұлды төлейтініне өзге де нұсқама;

12) тасымалдаудың болжанып отырған маршруты, пайдаланылатын көлік түрлері және жүкті ауыстырып тиеу пункттері, егер олар тікелей аралас тасымалдар құжаттарын ресімдеу кезінде белгілі болса;

13) егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, тараптар тікелей аралас тасымалдар құжатына енгізуге келісе алатын өзге де деректер.

10. Жүк жөнелтуші оператордан тасымалдауды тоқтатуын немесе жүктің қайтарылуын талап ете алады немесе басқа да өкім жасай алады.

11. Жүк жөнелтуші маршруттың, жеткізудің соңғы пунктінің өзгеруі, жүк алушыны ауыстыру туралы, жүк тасымалын тоқтата тұру немесе тасымалдың қосымша шығындарға әкеліп соқтырған алғашқы шартының басқа да маңызды талаптарының өзгеруі туралы нұсқау берсе, онда бұл шығыстардың орнын жүк жөнелтуші толықтырады.

Тікелей аралас тасымалдар шартын өзгерту туралы жүк жөнелтушінің барлық нұсқаулары белгілі бір орынды мерзім шеңберінде жасалуы тиіс.

12. Жүкті жеткізу мерзімі көліктің әр түрі бойынша жеке белгіленеді және қолданып жүрген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Тасымалдаушылар үшін белгіленген жүкті жеткізу мерзімдері операторға байланысты себептер бойынша жүктің кешігу уақытына артады.

13. Теңіз және өзен порттары навигацияның ашылу және жабылу кезеңінде, оператормен және көліктің басқа түрлерінің тасымалдаушыларымен келісім бойынша, аралас тасымалдау пункттерінде тасымалдаушылардан порттардың жүктерді қабылдау мерзімінің басталуы мен аяқталуын белгілейді.

14. Навигация жабылғаннан кейін тасымалдаушылардың аралас тасымалдау пунктіне ауыстырып тиеу үшін жеткізілген жүктері алдын ала жасалған келісім бойынша сақтауға қабылданады, бұл ретте аралас тасымалдау пункті мен тасымалдаушы жүкті не істеу керегін оператордан сұрауы тиіс.

Оператордың талабымен жүк тағайындалған жеріне тасымалдануы үшін басқа тасымалдаушыға берілуі мүмкін.

15. Тасымалдаушылар жүктерді оларды аралас тасымалдауға қабылдауды аяқтаудың жарияланған мерзімінен кейін қабылдаған жағдайда, тасымалдау шарттарының өзгеруі бойынша шығыстар (сақтау, қайта жіберу, кірепұлының артуы және өзгелер), егер шартпен өзгеше көрсетілмесе, тасымалдаушының есебінен жүзеге асырылады.

### **3. Тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі оператордың іс-әрекеті**

16. Оператор өз атынан аралас тасымалдар пункттерінің иелерімен тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастыру туралы шарттар жасасу арқылы жүктің тікелей аралас тасымалдарын ұйымдастырады.

17. Оператор тікелей аралас тасымалдарды орындау кезінде тікелей аралас тасымалдарды ұйымдастырады және жалпы басқаруды жүзеге асырады.

Осы Ережемен реттелмеген бөлігінде тасымалдау процесін басқару тасымалдауға қатысатын көліктің әр түрінде қолданып жүрген заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Жол жүру кезінде жүктерді сақтау жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Аралас тасымалдау пункттерінде жүктер мен көліктердің күзетін, егер шартта өзгеше көрсетілмесе, осындай пункттердің иелері жүзеге асырады.

#### **4. Аралас тасымалдау пункттері**

20. Тікелей аралас тасымалдау аралас тасымалдау пункттерінің тізбесіне енгізілген тиісті операциялар үшін ашық темір жол станциялары, теңіз және өзен порттары, айлақтар, автобекеттер, автовокзалдар, әуежайлар арқылы жүзеге асырылады.

21. Жүктерді қабылдау, беру және ауыстырып тиеу үшін ашық, аралас тасымалдау пункттерінің тізбесін осындай пункттердің иесі жариялайды.

#### **5. Жүктерді ұстап қалу және ақы төлеу тәртібі**

22. Оператор тікелей аралас тасымалдаудың барлық қатысушыларымен есеп айырысуды қамтамасыз етеді.

23. Жүктерді тікелей аралас тасымалдау кезінде пайда болатын, жүктерді тасымалдау ақысы, қосымша алымдар және басқа да төлемдер тікелей аралас тасымалдау шартында белгіленеді.